

БД073100-«Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін ««Қостанай минералдары» АҚ территориясының экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында хризотил-асбест қалдықтарынан өңдеп магний тұздарын алу» тақырыбындағы

**А.Б Сатимбекованың диссертациялық жұмысына
ШКІР**

А.Б Сатимбекова диссертациялық жұмысын 2017-2020 жылдар аралығында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» кафедрасында орындады.

А.Б Сатимбекованың диссертациялық жұмысы «Қостанай минералдары» АҚ хризотил-асбестті өндіру және байыту барысында түзілетін құрамында 1,0% асбест бар шаң тәрізді қалдықты қоршаған орта үшін зиянсыз күйге айналдырумен қатар, олардан бір мезетте өндірістік маңызы бар магний тұздарын алудың технологиялық шешімдері мен әдістерін жасауға арналған.

Жалпы, қоймалар мен үйінділерде жиналатын шаң тәрізді қалдықтың орасан зор теріс экологиялық әсерін жұмсарту, ал кейбір жағдайларда жою бүгінгі күні өткір өзектілікке ие болуда. Сол себепті, ізденуші осы қалдықтардың өміртіршілік қауіпсіздігі мен қоршаған ортаға зиянды әсерін азайту мақсатында балама әдістер ретінде қышқылдық өндеудің мүмкіндіктерін зерттеп, талдады. Нақтырақ айтсақ, хризотил-асбестті өндірудің және байытудың экологиялық қауіпті қалдықтарын кәдеге жарату бойынша жүргізілген қолданбалы зерттеулердің нәтижелері, олардан магнийдің сульфат, хлорид және нитраты сияқты нарықтық құндылықтары бар өнеркәсіптік маңызды қосылыстарын алу мүмкіндіктерін анықтады.

Оларға асбест өндіретін кәсіпорындардың экологиялық және өндірістік-экономикалық қызығушылықтары бар, өйткені олардың өндіріс аумағында қоршаған ортаға экологиялық қауіпті, құрамында асбест бар қалдықтардың көп мөлшерде жинақталған. Жинақталған және өндіріс барысында түзіліп жатқан құрамында асбест бар қалдықтарды кәдеге жаратудың ұсынылып отырған әдісі оларды залалсыздандырумен қатар, кәсіпорындарда шығарылатын өнім ассортиментін әртараптандыруға мүмкіндік береді. Шаң тәрізді қалдықты магний тұздарына қайта өңдеу мен оны залалсыздандыру бойынша ізденуші тарапынан ұсынылған өндірістік схемасында экономикалық және экологиялық тиімділіктер көрсетілген.

А.Б Сатимбекова зерттеу жұмысы барысында рентгенофазалық талдау (РФА), ИК- спектроскопия, энергодисперсиялық микроанализаторы бар электрондық спектроскопия әдістерін қолдана отырып, құрамында асбесті бар заттардың әсерінен болатын аурулар және хризотил-асбестті өндіру мен байыту кезінде түзілетін қалдықтарды қайта өңдеу мәселелерін, сонымен қатар патенттік ізденісті қолдануды қамтыды.

Зерттеу нәтижелері докторанттың 11 баспа жұмыстарында жарық көрген. Атап айтқанда, Scopus дерекқорына кіретін Халықаралық ғылыми баспаларда 4 мақала, ҚР БҒМ БҒСБК ұсынылған журналдарда 3 мақала, Халықаралық

конференцияларда – 3 мақала жарияланған және 1 патент алынды.

А.Б Сатимбекованың диссертациялық жұмысында алынған нәтижелердің дербестігінің нақтылығы жұмыста зерттеу жүргізудің заманауи әдістерін пайдалану арқылы қамтамасыз етілген. Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми-зерттеу мәліметтері зертханалық нәтижелермен қамтамасыз етіліп, негізделген. Қорытынды шынайы түрде тұжырымдалған.

Диссертациялық мақсатты міндеттерді автор өз бетінше шешкен. Диссертацияның барлық бөлімдері бір-бірімен байланысты, бірін-бірі толықтырады және академиялық адалдық принциптері сақталған.

Ізденушінің диссертациялық жұмысына қойылған мақсат, міндеттері, зерттеу көлемі, пайдаланылған әдістері мен ғылыми жаңалығымен тәжірибелік өзектілігі ерекше жоғары орын алады, сол себепті 6D073100 - «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуда диссертацияға қойылатын талаптарға сай келетін ғылыми еңбек деп есептеймін.

Отандық ғылыми кеңесші
т.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ
«Сапа» ҒЗ және СО меңгерушісі

